

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

«БЕКІТІЛДІ»

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университеті» КЕАҚ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
(02.07.2026 ж., №12 хаттама)

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ НҰСҚАУЛЫҚ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтобе, 2026 ж.

ОСЫ ЕРЕЖЕ ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық қызмет департаментінің директоры Бишекен С.К.

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде («_02_» __07__ 2026 ж., №_12_ хаттама)

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

5-НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Осы нұсқаулық университетте білім алушылардың өзіндік жұмысын (БӨЖ) жоспарлау, ұйымдастыру, сүйемелдеу және бақылау тәртібін айқындайды.

Осы нұсқаулық білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы және құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті басшылық құжат болып табылады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

2.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ.

2.2 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. ҚР БҒМ 20.04.2011 жылғы №152 бұйрығы.

2.3 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы.

2.4 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР ҒЖБМ 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.

2.5 Қ.Жұбанов атындағы АӨУ білім алушыларының, оқытушылары мен қызметкерлерінің академиялық адалдық кодексі.

2.6 «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ Жарғысы (17.05.2020 жылғы №320 бұйрығы).

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

3.1 Білім алушылардың өзіндік жұмысы білім беру процесінің міндетті бөлігі болып табылады және білімді тереңдетуге және бекітуге, кәсіби құзыреттерді қалыптастыруға, өздігінен білім алу және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, практикалық және ғылыми-зерттеу қызметіне даярлауға бағытталған.

3.2 Өзіндік жұмыс оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін аудиториялық өзіндік жұмысқа (бұдан әрі – БӨЖО) және білім алушының аудиториядан тыс орындайтын өзіндік жұмысына (бұдан әрі – БӨЖ) бөлінеді.

3.3 Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖ) – өздігінен меңгеруге арналған тақырыптар тізбесі бойынша орындалатын, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген жұмыс. Білім алушылар санатына қарай ол білім алушының өзіндік жұмысы (БӨЖ), магистранттың өзіндік жұмысы (МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмысы (ДӨЖ) болып бөлінеді. БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмысты талап ететін тапсырмалармен расталады.

3.4 Білім алушының оқытушы жетекшілігімен орындайтын өзіндік жұмысы (бұдан әрі – БӨЖО) – оқытушының басшылығымен жүзеге асырылатын жұмыс. Білім алушылар санатына қарай ол: білім алушының оқытушы жетекшілігімен орындайтын өзіндік жұмысы (БӨЖО), магистранттың оқытушы жетекшілігімен орындайтын өзіндік жұмысы

(МӨЖО) және докторанттың оқытушы жетекшілігімен орындайтын өзіндік жұмысы (ДӨЖО) болып бөлінеді.

3.5 Оқытушы жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмыс факультет деканы бекіткен және оқытушының жұмысбастылығына қарай жасалған жеке кесте бойынша ұйымдастырылады. Бұл жұмыс түріне тапсырмаларға байланысты туындайтын күрделі мәселелер бойынша білім алушыларға консультация беру немесе белгіленген мерзімде орындалған тапсырмаларды қабылдау кіреді. Оқытушы кестеге сәйкес аудиторияда болуы міндетті.

3.6 Оқытушы кестеге сәйкес білім алушыларға консультациялар өткізе алады және өзінің жеке оқу жүктемесіне сәйкес пәндер бойынша тапсырмаларды қабылдай алады. Егер білім алушыға консультация қажет болмаса, ол кестеге сәйкес аудиторияда болуға міндетті емес.

3.7 Білім алушылардың өзіндік жұмысының түрлері:

- дәрістер мен практикалық сабақтарға дайындалу;
- үй тапсырмаларын орындау;
- топтық жоба – күрделі тақырып немесе тапсырма бойынша 3–5 білім алушының қатысуымен жоба дайындау;
- жеке жоба – дайындық деңгейі жоғары білім алушылар үшін өзекті тақырып бойынша зерттеу жобасын әзірлеу;
- эссе – өзекті мәселе бойынша сыни мақала, публицистика және т.б. жанрларда жеке пікірді жазбаша түрде баяндау;
- презентация – берілген мәселе бойынша негізгі ережелерді слайдтар, бейнероликтер және басқа да көрнекі материалдар арқылы ұсына отырып ауызша баяндама жасау;
- реферат – әдебиеттерге міндетті шолу жасай отырып мәселені жазбаша баяндау немесе ғылыми еңбек пен кітап мазмұнын аналитикалық сипаттау;
- іскерлік ойындар – болашақ кәсіби қызметке қажетті дағдыларды қалыптастыруға бағытталған және алдын ала дайындық пен өз бетінше аяқтауды талап ететін кез келген процесті модельдеу.

3.8 Өзіндік жұмыстың түрлері білім беру деңгейіне, әрбір пәннің күрделілігіне және оны оқытудың ерекшеліктеріне сәйкес білім алушыларға ұсынылады.

3.9 Өзіндік жұмыс технологиясының элементтеріне жоспарлау, ұйымдастыру, кеңес беру, бақылау және орындалуын бағалау жатады.

3.10 Білім алушылардың өзіндік жұмысы факультетте деканаттың, кафедраның және пән оқытушыларының қатысуымен үйлестіріледі.

4 ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

4.1 Пәннің оқу бағдарламасында (силлабуста) пән бойынша өзіндік жұмысқа бөлінген апталық және жалпы сағат саны, сондай-ақ бағалау критерийлері көрсетіледі.

4.2 Өзіндік жұмысты ұйымдастыру мақсатында оқытушы білім алушыларға жұмыс түрлері мен тапсырмаларды әзірлейді, онда ақпарат көздері, оқу әдебиеттері және бағалау критерийлері көрсетіледі. Жұмыс

нысандары мен тапсырмалар білім алушының дәрістерде, семинарлық/практикалық және зертханалық сабақтарда алған білімдерін тереңдетуге, сыни және креативті ойлау, ғылыми ізденіс дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

4.3 Оқытушы білім алушыларға ұсынылатын өзіндік жұмыс түрлері мен тапсырмаларын орындау мерзімдерін көрсете отырып, оларды алдын ала «Platonus» жүйесіндегі «Пәннің оқу-әдістемелік кешені» бөлімінің «БӨЖО/БӨЖ» бөлігіне жүктейді.

4.4 Оқытушы белгіленген кестеге сәйкес білім алушыларға өзіндік жұмыс материалдары бойынша кеңес береді, тапсырмаларды орындау жөнінде нұсқау береді және олардың орындалуын бақылайды.

4.5 Білім алушы өзінің жеке логиіні мен құпиясөзі арқылы «Platonus» жүйесіндегі БӨЖ материалдарымен танысуға немесе оқытушыдан тікелей берілген тапсырмаларды орындауға міндетті.

4.6 Тапсырмаларды орындау барысында білім алушы академиялық адалдық талаптарын сақтауы және жұмыстарын белгіленген мерзімде тапсыруы тиіс.

4.7 Бағалау кезінде оқытушы тапсырманың толық орындалуын, дербестігін, талдау сапасын, мерзімдердің сақталуын және академиялық адалдық қағидаттарының орындалуын ескеруі тиіс.

4.8 Деканат білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының сабақтан тыс уақытын барынша тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін БӨЖО кестесін әзірлеп, бекітеді, кестенің екі тарап үшін де қолжетімді болуын қамтамасыз етеді және оны университеттің ресми сайтында орналастырады.

5 ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

5.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

5.2 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылуы тиіс.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Л.Н.Мясникова